екінші типіне – байсалды, асығыссыз, біртіндеп өсуі жатады. Жеткіншек ересектік өмірге өзінің тұлғалық қозғалысында ешбір терең және маңызсыз жақтарымен соқтығысады. Үшінші типінде дамудың мынадай үрдіспен көрінеді, жеткіншек өзінің ішкі дағдарысын мен қобалжуын ерік-жігері арқылы жеңе отырып, өзін белсенді және саналы түрде тәрбиелейді және қалыптастырады. Бұл өзін жоғары бағалайтын және бақылайтын адамдарда көрінеді. Э.Шпрангер жеткіншек жаста өзіндік сана мен өзіндік бағалаудың алғашқы жүйелі зерттеуіне тоқталды және бастау берді.

Тұлғалық дамудың барлық жақтары жеткіншектік шақта ішкі қарама-қайшылықпен, әрі тектілікпен сипатталады. Бастауыш сыныптың аяғы мен ортаңғы сыныптың басында баланың өзін-өзі бағалауындағы өзгерістер оның сандық және сапалық жағынан біршама күрделенеді. Тек осы жастың аяғы ғана баланың тұлға ретінде қалыптасуына, өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға әкелетіні анықталды. Мұнда А.В.Захаровтың деректері бойынша, жас ерекшелігінің өзгеруіне байланысты әрекеттердің барлық түрлерінде өзін-өзі жоғары бағалау саны азайып, өзін төмен бағалау саны көбейеді, бұл балада өзіне - өзі сын көзбен қараудың өсуін дәлелдейді.

В.Штерн жеткіншек жасты тұлғаның қалыптасуының бірден бір кезеңі деп түсіндірді. Д.Б.Эльконин концепциясында жеткіншек жас, кез келген жаңа кезең төмендегі жіктеулерден көрінеді:

- Қайтадан ересектермен қатынас орнату қиындайды, бірбеткейлік, бәрібірлік, тыңдамау, жетістіктерге бейсал қарау, мектептен кету және т.б.
- Балалар ұжымы (кұрбы іздеу, мұнда өзін түсінетін дос табу);
- Бала күнделік арнай бастайды. Мұнда өзінің іс-әрекеті, алғашқы қарама-қарсы жыныстағы құрбысына деген балалақ махаббаты және т.б. ешкіммен бөлісе алмайтын құпия сырларын жазады. Күнделік арқылы өзінің әрекетін сралайды.

Бірақ бала неғұрлым өскен сайын оның мінез – құлқы бағалардан гөрі өзін - өзі бағалауға соғырлым бағдар алады. Алайда өз қасиеттерін, әсіресе батылдық, ерлік немесе принципшілдік секілді күрделі моральдық – психологиялық қасиеттерді ұғынудың өзінде-ақ эмоциялық бағалау мен әлеуметтік салыстыру сәттері қамтылады. Ол өз ақылын немесе сұлулығын біреумен салыстыру арқылы ғана бағалайды. Баланың өз мінез-құлқын басқара алу, саналы түрде мақсат қою. Қиыншылықтар мен толысуларды жеңіп, оларға жетудің жолдары мен құралдарын іздеу іскерлігімен көрінеді. В.С.Мухина бойынша, тұлға дамуының механизмдері сәйкестендіру, оқшаулану және олардың өзара әрекеттесуі болып табылады. Қоғам мен тұлға үшін жалпы маңызды құндылық болып адамның өзіндік сана-сезімінің құрылымы болады, оны жалқы есім, өзін-өзі бағалау және т.б., өзін белгілі бір жыныстың өкілі ретінде ұсынуы, өзін уақытпен елестетуі, өзін құқық пен міндеттерге қатысты бағалау.

Жеткіншектің «Мен» деген қасиеті өзінің кім екенін біліп, күшіне сеніп, өз мүмкіншілігін дұрыс бағалауға пайдасын тигізеді. Мұны, әдетте өзін-өзі бағалай алуы, сананың өзіне тән қасиеті деп атайды. Жеткіншек өзінің мүмкіншілігін дұрыс бағалап, өзіне дербес азамат деп қарауы тек өзгелермен үздіксіз қатынас жасап, соларды жақсы білуінен пайда болады. Кіші сынып оқушысы өзін тікелей жақсы білмейді. Ол тек үлкендердің оның іс-әрекетіне берген бағасынан біледі. Ал жеткіншек өзінің басым ісіне, не бұрын келген шешіміне талдау жасайды, әрекетінің қолайлы немесе қолайсыз, жағымды немесе жағымсыз жақтарын ажырата бастайды. Өзін-өзі білгісі келген жеткіншектік кезде қажеттіліктің бір түрі. Қажеттіліктің бұл түрінің пайда болуы үлкендердің не құрбыларының жеткіншекке қоятын талабы дұрыс па, бұрыс па, соны білуге арналады. Сонымен қатар жеткіншектің өз қолынан бір нәрсенің келетінін, не келмейтінін білуге ұмтылады. Өзінің мүмкіншілігі келетін іс-әрекетті орындауға ғана жауапкершілік алады.

Әрбір қоғам мүшесінің әлеуметтік ролін көрсететін іс-әрекет түрлері: жанұядағы ата-аналар мен балалар арасындағы, оқытушы мен білімгер, мұғалім мен оқушы, тәрбиеші

мен бала, сатушы мен алушылар және т.б. адамдар арасындағы әрекеттердегі қарым-қатынас.

Міне, қоғамдық әлеуметтік өмір тіршілігінде осындай қарым-қатынастардағы әр-бір адамның өзіндік даралық және мінез-құлық қасиеттері, сапалары және ерекшеліктері дамып, «Мен» бейнесі қалыптасады. Атақты ғалым Л.С.Выготскийдің пікірінше, әлеуметтік әлем мен қоршаған үлкендер адамның дамуына қажетті органикалық жағдай. Балаларда психикалық процестердің дамуы үлкендермен қарым-қатынастағы ролі алғашқы сатыда тұр. Оның ойынша үлкендер бала мен мәдениет арасындағы дәнекер, іс-әрекет нормалары, белгілері мен тәсілдерін абстрактылы тасушы, бірақ жанды нақты адам емес.

Балалық шақтан ерексектікке өту осы кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны, жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Барлық бағыттарда сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады. Организмнің, сана-сезімнің, үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынастың, олармен әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, танымдық және оқу-іс әрекетінің, мінез құлыққа, іс-әрекет пен қарым-қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады.

Жеткіншек өзін-өзі бағалап, мүмкіншілігін сезіне алуы, оның өзінің жауапкершілігін меңгере алуына көмегін тигізеді. Жеткіншек азамат қатрына көшуді талап еткендіктен, осы мақсатқа жету үшін, мінезінің, не іс-әрекетінің қолайсыз жақтарымен күресіп, қолайлы жақтарын онан әрі дамытып, өзгелердің алдында жақсы көрінгісі келеді. Жеткіншектің азаматтық қасиетке ие болуға не итермелейтіндігін кейде оның өзінің кемшілік жақтарын сезе білуінен байқауға болады. Бірақ өзінің кешілігін сезініп, оған біреудің қатынасынсыз объективтік түрде талдау жасау әрбір адамның қолынан келе бермейтін қасиет. Оның өзінің іс-әрекетін, әсіресе қателерін талдау үшін біраз уақыт жібереледі. Жіберген қатесі үшін өзін-өзі әшкерелеуі де ықтимал. Жеткіншекке өз қатесіне талдау жасап, оны жоюға итермелейтін түрткі, оның жолдас жоралары және үлкендер арасында жақсы көрініп және өзіне ұнайтын, сырлас табу.

Жеткіншектің жеке басы дамуының аса маңызды факторы – оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі; ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен және жолдастарымен, ақырында өзіне қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуға (өзінің жеке басы мен өзінің болашағын және ниетін, мақсаты мен міндетін жүзеге асыру әрекеттерін жобалау) бағытталады. Осы жаста оқушылардың даму дәрежесінде де елеулі екі түрлі өзгерістер мен кедергілер болады:

- ересектіктің дамуын тежейтін жағдайлар: балалардың көбінде басқадай тұрақты және байыпты міндеттер болмай, тек оқумен ғана шұғылдануға; көптеген ата-аналардың балаларды тұрмыстығы еңбектен, қиыншылықтар мен қынжылстардан қорғаштауға, түгелдей қамқорлыққа алуға тырысуы;

- ересектендіретін жайлар: мазмұны жөнінен сан алуан информацияның орасан зор тасқыны; көптеген ата-аналардың бос уақытының аздығы және осының мүмкін салдары ретінде балалардың дербестікке ерте жетуі, жолдастарымен қарым-қатынастың жедел дамуы; дене күші дамуы мен жыныстық толысудың акселерациясы.

Жеткіншектердің идеалына, ұнайтын бейнелері көркем әдебиет кейіпкерлер, атақты әншілер мен теледидар жұлдыздары. Соларға ұқсап киіну, өзін салыстыру, әрекетін қайталау және т.б. Ал жеткіншектің өзін қаншалықты дұрыс бағалай алуы, түрліше келеді. Өзінің мүмкіншілігін объективті түрде бағалай алмайтындар мақтаншақ келеді. Бірақ бұл қасиет бірте-бірте жойылып, жеткіншек өзін объективті түрде бағалауға үйренеді. Оған негізгі түрткінің бірі – құрбыларымен әңгімелескенде мінез-құлықтың

кандай түрі жақсы, нендейі қолайсыз екені туралы пікір алысуы. Кейіннен осыған қатысушылар өзінің мүмкіншілігін дұрыс бағалауға үйренеді.

Қоғамның дамуында әлеуметтік жүйеде жеке тұлғаның дамуында жеткіншектік шақта қарым-қатынас мәселесі ерекше орында тұр. Себебі қарым-қатынас-бұл әр бір адамның тұлға болып қалыптасуының шешуші жағдайы. Әсіресе жеткіншектік шақ жеке тұлғаның қалыптасуының маңызды кезеңі. Адам өмір сүруі мен қимыл-қозғалысы арқылы өзінің әрекетін бағалауға үйренеді, адамгершілік нормаларын меңгереді. Оны әрине басқа адамдармен қарым-қатынаста өзінің іс-әрекетін салыстыру арқылы жүзеге асырады.

Антрополог Р.Бенедикт балалықтан ересектікке өтудің екі типін бөліп көрсетті: 1. үздіксіз, 2. баланың балалық шағында оқып үйренгені мен ересектің ролін жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекет тәсілдері мен түмініктер арасында үзілістер болатын типі. Антропологтар зерттеулерінің теориялық маңызы зор. Бала өмірінің әлеуметтік жағдайларына:

- жеткіншектік кезеңнің ұзақтығына;
- дағдарыстың, талас тартыстың, қиыншылықтардың болуына;
- балалықтан ересектікке өтудің өзінің сипатына қарай анықталатыны дәлелденді.

Олар жеткіншектік шақта бала өзінің қоғамдағы орнына жетер жолда болатын, оның ерекшеліктерінің қоғамдық өміріне өтуі жүзеге асатын кезең деп қарады. Жеткіншектік кезеңде адамгершілік қасиеттер, мінез құлық нормалары ерекшеленеді, адамдардың қоғамға қатынастары анықталына бастайды, жетекші іс-әрекет түрі-қарым-қатынас болады. Қарым-қатынас іс-әрекеттің барлық түрінде балалардың тұлғалық және психологиялық жаңа сапаларының қалыптастырушы негізі. Осы кезеңдегі қарым-қатынасты екі жақты сипатта қарастырып, анықтама беруге болады. Бірінші, қарым-қатынас іс-әрекеттің жетекші түрі, жеке интимдік мінез; қарым-қатынас заты басқа адам-құрдас, ал мазмұны-онымен қатынас құру және қолдау жасау. (Эльконин Д.Б., Драгунова Т.В.). Екінші, қарым-қатынас іс-әрекеттің жетекші түрі және қоғамдық мінездемесі бар, оның үлкендермен, құрбыларымен өзара қатынасында түрлі жағдайларды меңгереді. (Фельдштейн Д.И.). Қарым-қатынастың өзіндік ерекшелігі: басқа адамның индивидуалдылығына үнемі субъект, тұлға ретінде бағытталуы. Ол өзара белсенділікті болжайды және бір біріне қатысушылардың әрекеттесуі. Сондықтан қарым-қатынас үнемі екі жақты.

Қарым-қатынас процесінде индивид мотивке, мақсатқа, бағдарламаға, қабылданған шешімге, ерекше қозғалыстарды орындауға және оларды бақылауға, жалпы өзінің серіктесінің іс-әрекетіне ықпал жасай алады. Жеткіншектерде өзін адам етіп сезіндіретін, оны кемсітуге, қорлауға, басуға, дербестік құқығынан айырылтуға болмайтын өршіген сезім пайда болады. Алайда оларда ересектер статусының элементтерімен қатар оның жағдайын баланың жағдайына жақындататын тәуелділік белгілері әлі сақталады. Материалдық жағынан олар ата-аналар қарауында. Мектепте, үйде бір жағынан сен есейдің, үлкейдің десе, екінші жағынан тіл алуды талап етеді.

Жыныстық толысуға байланысты өз организмі мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, жағдайдың біршама тиянақсыздығы (бала болғанымен, ересекте емес), өмірлік әрекеттің күрделенуі, өз мінез-құлқын үйлестіруге ұмтылу-осының барлығы жеткіншек шақта өз қасиеттерін танып, жаңа білімді меңгеруге, оларды бағалауға итермелейді. Жеткіншек әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуында, оның жақын достары мен құрбыларының қатынасы ерекше мәнге ие. Жыл өткен сайын құрбыларымен қарым-қатынас байланысы ерекше қажетті. Ол сыныптас құрбыларымен өзара достық қатынас жасауға тырысады, мүмкіндігінше оны сақтауға талпынады. Сол арқылы құрбылары арасында беделі көтеріледі, бірін-бірі сыйлау қасиеті артады. Осыдан жас өспірімнің жеке тұлға болып қалыпты дамуы құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасыз мүмкін емес. Ол үшін достары, құрбылары-тіршілік әрекетіне қажетті қоршаған орта. Жолдастарының арасында беделін көтеруге тырысады, жағымды қасиеттерін тәрбиелейді, өзіне сыншы болады.

Жеткішек өзін көрсетуге ұмтылу, өзін-жан-жақты ашуға құштарлық тән. Бірақ ол өзін қоршаған орта, үлкендер, ата-аналар толық түсінсе дейді. Өзінің ішкі жан дүниесін толық аша алмайтынына қиналады, кейде қарым-қатынас кезінде өзіне сенімсіздік пайда болады. Міне сондықтан, жеткіншектің құрбыларымен қарым-қатынасы, оның жеке бас дамуында өте маңызды. Соның нәтижесінде, олар дене және рухани теңдікті ұғынады, өзін және басқаларын бағалауды сезінеді. Қарым-қатынас танымдық қызығушылықтың өсуіне, өзіндік білім алуға, белсенділікке итермелейді.

Жеткішек құрбыларымен қарым-қатынас қажеттілігін ата-аналарыда алмастыра алмайды. Құрбыларымен қарым-қатынастың жоқтығы тұлғаның және өзіндік сананың дамуына үлкен кедергі болады. Еркін қарым-қатынас дамып келе жатқан жеке тұлғаның өзін көрсетуі, жаңа байланыстар құруының бірден бір құралы. Сондықтан, үлкендер қысым жасағанда жеткіншектерде ерегісу, қарсы тұру, дөрекілік қасиеттер пайда болады. Олар өздерінің жоспарларын, құпиларын, іс-әрекеттерін ата-аналарына емес тек достарына ғана айта алады. Осы кезеңде жас өспірім үшін ең қиын қасиет-жалғыздық, өз құрбыларынан алшақтау. Мұндай жағдайда бала шамадан тыс мазасызданады, абыржиды және мінезінде тұйықтық қасиет пайда болады. Керісінше егер құрбыларымен қарым-қатынасы жақсы болса, олар өздерін бақытты сезінеді. Жеткіншектердің түрлі іс-әрекеттердегі қарым-қатынасы жаңа психологиялық және тұлғалық сапалардың қалыптасуына негіз болады. Сонымен, қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әр түрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Бұл көрсеткіштердің бір тұтастығы баланың іс-әрекетінде, өзінің бейнесін құруға және басқа адаммен қарым-қатынаста қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен іс-әрекеттің жалпы құрылымдық компоненттері (зат, қажеттілік, мотив, ...) қарым-қатынастың анайылылығы және нақты коммуникативті мазмұнымен толтырылған. Тек қана басқалармен қарым-қатынас арқылы адам «басқа көзбен» өзін өзі таниды және бағалайды. Қарым-қатынас мотивы адамның өзінің және басқа адамдардың сапаларымен толықтырылады, қоршаған адамдардың әсері арқылы индивид өзін тануға және бағалауға кіріседі. Осы сапалардың арасынан баланың үлкендерге еліктеуі мен қарым-қатынасының қалыптасуынан өзіне баға беруге болады:

- танымдық, мұнда үлкендер баланың жаңа әсер қалдырушы ұйымдастырушысы және мәліметтер жинақтаушысы;
- іскерлік, мұнда үлкендер біріккен практикалық іс-әрекеттің серігі, қозғалыстың көмекшісі және үлгісі;
- жеке тұлғалық, мұнда үлкендер ерекше тұлға, қоғам мүшесі, оның тобының ерекше өкілі.

Барлық жағдайларда адамдар анықталынған қызметтерді орындайды және нақты коммуникативті қажеттілікті қанағаттандырады. Балалардың күнделікті дамуы мен қоршаған ортаны тануында өзара тілдесіп қарым-қатынас жасаудың қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады. Ата-аналар балаларымен тілдесіп, оларға жеткізетін мағлұматтарды доғаратын болса балалардың өсіп жетілуіне, рухани жағынан толыққанды дамуына өз мұқтаждықтарын қанағаттандыра алмай, әр қилы өзгеріске ұшырап еді. Қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әр түрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Жеке адам қарым-қатынас процесінде ұқсау, мысал, өнеге алу, үйрену, еліктеу арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Психология. Алматы – Рауан., 1995
2. Бердібаева С. Творчестволық іс - әрекеттің этнопсихологиясы. А-2006.
3. Битянова М.Р, Азарова Т.В, Е.И. Афанасьев, Н.Л. Васильева. Работа психолога в начальной школе. Москва Совершенство, 1998.
4. Гоноволлин Ф.Н. «Психология». 1973
5. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. -Алматы, 2004.

6. Дубровина И.В. Рабочая книга школьного психолога. М.: Просвещение, 1991г.  
7. Кулагина И.Ю. Возрастная психология. Москва., 1997.  
8. Кон И.С. Психология ранней юности. Москва – Просвещение, 1989.  
9. Көмекбаева Л.К. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру. – А.-2002.  
10. Мерғалиева М.А., В.Т. Тихомирова. Когнитивный тренинг: психологический практикум для подростков. Алматы, 1998.  
11. Мұқанов А. Жас және педагогикалық психология-Алматы; 1981.

### Резюме

В статье рассматриваются о психологических особенностях самооценки в подростковом возрасте.

### Summary

In article is considered about psychological features of a self-assessment at teenage age.

## Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ АҚБІЛЕК БЕЙНЕСІНІҢ СОМДАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мұхтарова Ә.С.,  
п.ф.к., доцент  
Чубаева Э.,  
магистрант

*Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Ақбілек бейнесінің сомдалу ерекшелігі туралы қарастырылады.*

**Түйін сөздер:** Ж.Аймауытов, Ақбілек, роман, бейне, стиль.

Ж.Аймауытов қазақ әдебиетінің зергер қаламгерлерінің қатарына жатады. Сөз өнерін керемет игерген жазушының стилі әр оқырманын ерекше таңғалдырады. Оның сөз саптауы, кейіпкерлер жүйесін сомдауы, әр шығармасында сипатталған мәтін көрінісі сылдырап аққан бұлақ суындай жаныңды жадыратып, қара сөз емес, бейне бір әдемі өлең тыңдағандай әсерде қаласыз. Әсіресе бұндай суреттеулер жазушының «Ақбілек» романында жиі кездеседі. Романның басының өзі төгілген өлең жолдарымен басталады. Мысал ретінде көрсетейік... «Ақбілек» романы туралы талай жылы лебіз, сыни зерттеулер айтылды. Қай пікірді оқысаңыз да жазушының өзіндік стилі, шығармаларының көркемдік ерекшелігі жөнінде толымды, жағымды көзқарасты аңғарасыз. Қара сөздің зергері Ж.Аймауытов Ақбілек бейнесі арқылы Октябрь төңкерісіне дейінгі қазақ қыздарының тағдырын нанымды көрсете білген. Романда феодалдық тартысты, ақтар мен қызылдардың шайқасын көріп, ақтар армиясында жан дүниесі азап пен қиналысты көрген аңқау бойжеткен Ақбілек келбеті аса тартымды сипатталады. Осы образ туралы кезінде М.Әуезов: «Мұнда феодалдық-рушылдық ортада жікшілдік тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының жаңа заман шындығын пайдаланып, өз бақытын табуы, тең құқылы азамат болуы бейнеленеді», - дейді С.Қирабаев [1, 146].

Ақтар қашып, қызылдар қуып, қазақ елі тыныштықтан айрылған заманда көптеген қиянат, зорлық-зомбылықтар болып жатты. Әсіресе қазақ қызының бұрын болмаған қорлыққа ұшырауы – ауыр сын. Оны жеңіп шығу үшін қайрат-жігер, төзім керек болады. Романдағы басты кейіпкер өмір ауыртпалығын осындай қасиеттері мен білім арқасында жеңіп шығады.

Романның негізгі кейіпкері Ақбілек – роман басында уайым-қайғысыз жүрген ерке қыз. «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлендетіп, қызыл, жасыл

көрпелерін қағып үйге әкелген еді» деп жазушы суреттеуіндегі Ақбілек жаны таза, өмірде әлі көп еш нәрсені көрмеген, адамдардың бәріне риясыз сенетін ақ көңіл нәзік жан болатын. [2, 145б.]. Осындай уайымсыз өмір кешіп жүрген бойжеткеннің бұдан кейінгі жас ғұмыры оспадар жан Мұқаштың кесірінен бір сәтте бұзылады. Оны қыздың әке-шешесі де, тіпті өзі де сезбейді.

Ақбілек екі кештің арасында бақытсыздыққа ұшырайтынын аңғармай қалады. Тауды паналап жүрген қашқын ақтар Мұқаштың көрсетуімен Ақбілекті тауға алып кетіп, өзара бөліскісі келеді. Орыс тілін білмек түгіл, орысты алғаш көріп тұрған Ақбілек олардың өзін не үшін алып кеткенін, екі ақ солдатының неге жекпе-жекке шыққанын да түсінбей, айналасына жалтақтап, қорқып қарай береді.

Бірінші рет көріп тұрған өңшең орыстардың ортасында Ақбілек қара мұрт орысқа назар аударады. «Олар күліп жаңылдап отырғанда, төрде жатқан ұзын бойлы, аққұба, қара мұрт орыс оянып, қырынан жатып, Ақбілекке көз салды. Ол өзгелердей сөйлескен де, күлген де жоқ, көп күліп жатқанда, біреу сазарып отырса, оның жаны жұмбақ қой. Жұмбақ нәрсе адамды құштар қылмақ қой. Әлде өзіне бастас қылғысы келді ме, немесе одан бір жылы сөз күтті ме, болмаса әйелге біткен жеңсікқойлық мұны да жеңді ме, әйтеуір қапаста қапаланып, жалынарға жан таба алмай отырған Ақбілектің көзі еріксіз қара мұртқа түсті» деген мәтінде Ақбілектің шарасыздығы, жанын қоярға жер таппауы тәрізді психологиялық халы шебер суреттеледі.

Ақбілектің қара мұртқа үмітпен қарауы одан бір көмек күткендікті білдіреді. Кейін өзі үшін екі орыстың жекпе-жекке шыққанын естігенде Ақбілекті мақтаныш сезімі билейді: «Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз... сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты. Қазақ тұрсыз, атағын орыс естіп, іздеп келіп, алып қашты... орыс біткен бұған бола қырқысты...» [2, 160 б.]. Ақбілек бұл істің Мұқаштан келгендігін білмегендіктен осылай ойлады.

Ақбілек басында орыстарды құбыжық көргенімен, кейін оларға үйренісуге тура келеді. «... анасын, ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қатып, бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң шыбын жаны түскір шыдатпады, мезгілсіз өле алмады. Өмір шіркін неден сонша тәтті болды екен! Адам дегеніңіз «Басқа түссе, баспақшыл» болады екен. Абақты екеш абақтыға да, зынданға да, соғысқа да жүре-жүре адамның еті үйреніп көндігіп кетеді деседі, өлім жазасына бұйырылғанын естіген адам да тамақ жеп, ұйқы ұйықтап, өмір сүруден бекез алмайды деседі. Дүниеде адамнан көнгіш мақұлық бар дейсіз бе? Ақбілек те бірте-бірте тұтқынға еті өлгендей, бойы үйренгендей болды» [2, 170 б.]. Жазушы осында жалпы адам баласының өмірдің кез келген жағдайына көндігетінін, «басқа түссе баспақшыл» болатынын айтып отыр.

Ақбілектің көзқарасынша Қара мұрттың өзіне бәйек боп, жас баладай күтуі ерсі, таңсық. Қазақ ғұрпында еркектің әйелге олай кішіреймейтінін білетін Ақбілек Қара мұрттың мінезін оғаш көреді, оның қылықтарына, өзіне деген ілтипатына бір түрлі қарап, көпке дейін одан іштей безініп, қорыққанынан ғана қасына жолап жүреді. Бірақ кез келген сәтте одан қашудың жолын ойлап, іштей іс-әрекеттерді де ойластырып жүреді. Жазушы Ақбілек бейнесін аса нанымды суреттейді. Әсіресе ақтардың қашып бара жатқанда Қара мұрттың жанында жүрген уақытша әйелін де ешкімге қиғысы келмей, Ақбілекті атқып кеткісі келген сәттегі қыздың жан айқайын, шырқыраған шыбын жаны үшін сол жігітке жалынып-жалбарынуын асқан шеберлікпен суреттейді. Мәтіндегі «Мені өлтірме! Қасықтай қанымды қи! Мен саған тағы керек болмасымды қайдан білесің? Мен түсімде саған еріп қала барып жүр едім. Сен бұл жолдан аман-есен қайтасың, елге аман барасың...» деген қыздың шырқыраған жан тебіренісі шынайылығымен оқырманын еріксіз сендіреді [2, 173 б.].

Ақбілек жас болса да ширақтығымен өзін қара мұрттың мылтығынан аман алып қалады. Бұл - Ақбілектің өмірде өзі үшін күресу қажеттігін түсінген алғашқы сәті. Оқиға ширап, қыздың алдынан талай қиындық кездеседі. Осының бәрін қаламгер айрықша сезіммен, шынайы дәлдікпен, адами тұрғыда нақты бейнелеп көрсетеді. Ақбілектің

қасқырларды көргенде ойына бірден от жағу келмейтіні нанымды берілген. Қолындағы таяғын сермеп, айналып жүргенде аяғы күлге тиіп кетіп, шоқ шашырағанда ғана есіне от түсуі жазушылық шеберлікті білдіреді.

Еліне қарай кетіп бара жатқан Ақбілектің сезімін жазушы психологиялық параллелизммен шебер жеткізеді: «Асуға шыға бергенде, артына бір қарады. Аяқ астында томардай томпыып қостар тұр. Анау тау жылғасындағы ағаш, анау көгал, анау сай-сала, анау орқаш-орқаш тас Ақбілектің адамгершілігін аяққа таптаған, абыройын төккен жер. Оларға көзі түскенде күйінген, өкінген, жиренген - әйтеуір өзегін өртеген бір жаман сезім пайда болды. Төрдегі таза төсенішті былғап кеткен күшікті желкесінен ұстап, өз тезегіне өзінің тұмсығын тигізсең, қандай жеріп, қыңсылап, кейін шегінеді. Артына қарағанда, Ақбілек те сол күшік тәрізді болды. Қарағысы келмеді, теріс айналды» [2, 177 б.]. Осы үзінді роман жанрының психологиялық аспектіде жазылғанын айқындай түседі. Намысы тапталғаннан кейінгі қыздың қорлануын жазушы бейнелі суретпен көз алдымызға сенімді, дәлдік көрініспен шынайы келтіреді.

Ақбілек - намысқой қыз. Жолда бір ауылға тоқталғанда да қыз кедейдің үйіне барғанды қалайды. Себебі көпшіліктің көзіне күйсіз қалпында түскісі келмейді, бейсауат жүрісінен де қысылады. Бұл арада қыздың байыптылығы, ақылдылығы білінеді. Аулына келе жатып Ақбілек өз-өзінен жирене бастайды: «Енді бұрынғы нәрестедей уыз денесі былғанып, арамданып қалған тәрізді, бұрынғы кіршіксіз, аппақ кеудесіне енді қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді; күнә-сұмдықты білмейтін ақ жүрегі арамдықтың неше атасын біліп, бұрынғы қыз басы қатын боп қалған тәрізді: бұл былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді. Өз аулының тауына, жеріне жақындаған сайын таза жерді басуға өзінен-өзі ұялып, атылып өліп кетпей, қара мұрттың мылтығына бекер-ақ жармасқан екем деген өкініш пайда болды; ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін де арам деп білді...» деген қыздың ішкі сезімі, қиналысы шынайы беріледі. [2,194б.]. Қаншама ақылды, бауырмал болса да, үйіне баруға қымсынып, сырттан пана іздеуі, ішкі тебіренісін жақындарына көрсетпеуге тырысуы Ақбілек жанының тазалығын, жанының сезімтал екендігін танытады.

Бұл монолог Ақбілектің ішкі арпалысын, тартысын білдіреді. Ақбілек аулына келгенде біраз уақыт ауыл адамдары оған бәйек боп, жаны ашитындай, сыйлайтындай көрінеді. Ақбілек «жұрттың көзқарасы маған өзгермепті, менен ешкім жиренбейді екен» деген ойда болады.

Өзі де жақындарына көмектесіп, сіңлісі Сара мен інісі Қажікенді күтіп, бауырмалдығын танытып, өзге жұртпен де бұрынғыдай жақын қатынасқа түсуге ұмтылады. Бірақ Ақбілекте басқа қайғы пайда болады. Әкесі бұрын қызы дегенде өліп тұратын болса, енді қарамайтын, сөйлемейтін болған. Онсыз да қорланып жүрген Ақбілекке әкенің суып кетуі ауыр тиеді. «Әкесінің қабағы қашан жадырар екен, қашан жылы қарар екен, қашан тіл қатар екен?» – деп сарылып, сарғайып күтеді. Жар дегенде жалғыз әкем мені жек көрсе, енді мен кімге саямын?» деп, қатты уайымға салынып, күні-түні қайғырды» [2,242б.].

Ақбілек қанша қайғырғанмен, әкесі қарамайды, қызы да күдерін үзіп, үй шаруасымен айналысып, жан азабын ешкімге көрсеткісі келмейді. Ақбілек өзгелердің өзіне деген салқын көзқарасын бірден аңғарады, сезімтал, жаны нәзік қыз өмірдің қаттылығын сезініп, бірте-бірте өзі де қаталданып, бұрынғы ақ жарқын, сергек мінезінен ажырап, қатқылдана бастайды. Басты кейіпкер мінезінің өзгеру сатыларын жазушы ерекше сезімталдықпен бейнелейді. Ақбілек біртіндеп, қатқыл мінезге ауысып, жұмбақ күйге түседі, өз сезімін тежеп ұстауға дағдыланады. Өзін ешкімнің аямайтынын сезінген жас қыз бастан кешірген ащы шындығын да жеңгесіне бастан - аяқ баяндап береді. Бұл арада Ақбілектің характері өр, қатал, өмірдің тезіне түссем де шындық бәрінен қымбат деген принципшілдік қасиеті анық байқалады. Бұл басты кейіпкеріміздің жазушы суреттеуіндегі сомдалу, ширау, өзіне-өзі сеніп, өзі үшін өмірмен күреске түсуінің алғашқы кадамдары ретінде көрсетіледі.



### Пайдаланылған әдебиет

1. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері.- Алматы. Білім, 1998.
2. Аймауытов Ж. Ақбілек роман. - Алматы. 1991.

### Резюме

В статье дан анализ образа главной героини романа Ж.Аймауытова “Ақбілек”. Правдиво показаны счастливые и трудные периоды жизни Ақбілек. Всесторонне раскрыты этапы эволюционного развития героини. Ее душевные переживания мастерски выражены в психологическом аспекте.

### Summary

The article analyzes the image of the main hero of the novel Zh.Aймауытов “Akbilek”. It is truthfully shown the happy and the difficult periods of life Akbilek. The stages of evolutionary development of the heroine are comprehensively revealed. Her spiritual experiences masterfully expressed in the psychological aspect.

## КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Умарова Б.,  
магистрант

*Мақалада колледж оқушыларының сөйлеу дағдысын дамыту жолдары туралы қарастырылады.*

**Түйін сөздер:** оқушы, сөйлеу, шет тілі, дамыту, дағды.

Сөйлеу әрекетінің жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттелуі тіл білімінде ХХ ғасырдан бастау алады. Тіл білімі үшін сөйлеу әрекетін зерттеу үлкен мәселелердің бірі екендігін швед лингвисті Фердинанд де Соссюр алғаш болып көрсеткен. Бала тілін зерттеген ғалымдар: Л.Щерба, Е.Кубрякова, Е.И.Пассов, И.Л.Бим, И.Ф.Комков, А.А.Леонтьев, И.В.Рахманов, С.Канцнельсон, Н.И.Жинкин, Г.В.Колшанский, Э.П.Шубин т.б. Қазақстандық ғалымдар: Т.А.Аяпова, Э.Д.Сүлейменова, Ф.Ш.Оразбаева т.б. Л.Щерба: «Сөйлеу әрекеті дегеніміз-үздіксіз үрдіс және ол сөйлеу үрдісі мен тындаудан тұрады», деген, ал Т.Аяпова «Адам баласының сөйлеуі-баланың алғашқы сөйлеуі және тілдік ортада түсінуі, белгілі бір жағдаятқа байланысты, мақсатты, қажетті болып табылатындығын айқындайды», - деді.

Тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативтілігіне негіз болып отыр. Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңалау қажет ететіндігі айқындалды.

Ондағы мақсат білім алушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі білімнің негізгі мақсаты оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Соңғы жылдардағы тілші, әдіскер ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйенсек, мектеп оқушыларының көпшілігінің сөздік қоры жұтаң, сөз тіркестерін, сөйлем және мәтін (топик) құрауда дәрменсіздік танытатындығын, ойын жүйелі түрде жеткізе алмайтындығын, ауызша сөйлеу дағдысының төмендігін байқауға болады деген пікірді тілге тиек етіп отыр. Қазіргі кезде оқушылардың ауызша сөйлеу әрекетін қалыптастыру-

бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Тіл дамытуда мынадай тілдік материалдарды пайдалануға болады:

а) Тіл дамыту жұмыстарын көркем-әдеби үлгілермен емес, таза «бала тілін» бақылау арқылы жүргізу.

ә) Тіл дамытуда газет-журналдардың, ресми іс-қағаздардың тілін пайдалану.

б) Тіл дамытуда көркем-әдебиет тілінен үлгі алу.

Тіл дамыту жұмыстарын үш салаға бөледі:

1.сөздікпен жұмыс;

2.сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс;

3.байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру жұмыстары.

Тілді оқытудағы ең басты мақсат- оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуі.Сөйлеуге үйрету дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл-адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы. Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік жауап қайтаруы. Бұл сөйлеуге үйретудің бір адамға ғана мәселе емес екендігін көрсетеді. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әрекеті-тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол-адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі. Ауызша сөйлеуге үйрету- тілді жалаң үйрену емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз. Жалпы сөйлеу әрекетін меңгеру үшін мына жағдайларды ескеру қажет: Үйрететін тілде сөйлеуге деген қажеттілік; қоршаған орта, жағдайдың әсері; жеке бастың қабілеті; сөйлеудің негізгі мақсатын айқындау.

Ағылшын тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөйлеудің маңызы зор. Сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы керек себебі: ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Сөйлеуге үйрету үшін қажетті ситуацияларды мынадай жолдармен беруге болады:

а) «көз алдыға елестетіп көр», «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы ситуациялар құру;

ә) белгілі бір ситуацияны жасайтын сурет немесе ситуацияны дамытатын, күшейтетін суреттер тізбегіне қарап, соның көмегімен сөйлеу;

б) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді сипаттау.

Оқытудың ситуативтілігі оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана сабақ үстінде қатынас ситуациясы пайда болады. Е.Пассов ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «ситуация» мен «ситуативтілікті» анықтап алу қажет екеніне көз жеткізген. «Ситуация»-дегеніміз, қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі; ал «ситуативтілік-қарым-қатынастармен байланыс» деп қорытынды жасайды. Ол іс-әрекеттерде өзара қарымқатынастарда мынадай жетекші факторлар болады деп көрсетеді:

а) статустық;

ә) рольдік;

б) іс-әрекеттік;

в) ізгілік.

Қарым-қатынас процесі оқытудың мақсатына, жағдайына, мүмкіндігіне қарай үнемі өзгерісте болады. Сондықтан, сөйлеуші сол өзгерістерге байланысты қарым-қатынастағы өзгерістерді де ескеріп отыруы керек. Оқушыларды қарым-қатынастың әр түріне дайындау үшін материалдарды да жиі түрлендіріп отыруды қажет етеді. Осы ұстанымға байланысты тілдік дағдылар да өзгертіліп отырылуы керек. Бұл оқушылардың айтқысы келген ойын басқаша жеткізуге, сөйлеу біліктілігін жетілдіруге, тез сөйлеуге көмектеседі.

Сонда ғана, оқушылар жаңа материалды іс жүзінде қолдануға тезірек машықтанады. Материал жаңа болуы керек, сонымен бірге қайталау кезінде сол қалпында емес, басқа контекстерде өзгертіліп берілуі керек, сол кезде ғана оқушылардың білік дағдылары бірте-бірте дамиды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Бабинская П.К., Леонтьева Т.П., Андреасян И.М., Бутько А.Ф., Чепик И.В. «Практический курс методики преподавания иностранных языков», Минск-2003
2. Сақтағанова М. С., Алиева Н. Қ., Айтбаева Н. Қ. «Ағылшын тілін оқытудың әдістері», Білім, 43-бет, №3, 2006 ж..
3. Шолпанбай С.К. «Шетел тілін оқытуда интерактивті тәсілді қолданудың ерекшеліктері мен тиімділігі», журнал «Мектептегі шет тілі» № 2-2008
4. Иманқұлова С. «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 97-98 беттер, №1, 2006 ж.
5. Ботағарина Г., «Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес», Білім, 70-бет, №3, 2006 ж.

#### Резюме

В статье рассматривается о развитии навыков речи на иностранном языке у учащихся колледжей.

#### Summary

In article is considered about development of skills of the speech in a foreign language at pupils of colleges.

### ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сүндетбаева Ж.,  
магистрант

*Мақалада шет тілін оқыту үрдісінде оқушылар бойында этномәдени құндылықтарды қалыптастырушы технологиялардың маңызы туралы қарастырылады.*

**Түйін сөздер:** шет тілі, оқушылар, құндылықтар, этномәдениет, технология.

Шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты - ағылшын тілінде сөйлей және жаза білетін тұлғаны қалыптастыру ғана емес, оқушылардың бойында адами құндылықтары жоғары шеттілдік тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатқа жетуде ағылшын тілі мұғалімнің тек сыныпта оқушылармен бірлескен кешенді жұмыстары аздық етеді. Сондықтан, зерттеу жұмысымыздың өзектілігі жұмыстар арқылы оқушының этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістерін анықтау болып табылады.

Этномәдени құзыреттілік сөйлеу әрекетімен тікелей байланысты. Этномәдени құзыреттілік мәселесі жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттелуі тіл білімінде ХХғасырдан бастау алады. Шетел тілін оқытуда этномәдени құзыреттілікті зерттеу үлкен мәселелердің бірі екендігін швед лингвисті Фердинанд де Соссюр алғаш болып көрсеткен болатын. Шеттілдік білім беруде этномәдени құзыреттілікті зерттеген ғалымдар: Л.Щерба, Выготский Л.С., Полат Е.С., Е.И.Пассов, И.Л.Бим, Шахнарович А.М, Канцнельсон, Зимняя, И. А., Г.В.Колшанский, Э.П.Шубиндерді атауға болады. Ал, шеттілдік білім берудегі сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың мазмұнын мен мәні, маңыздылығы жөнінде көптеген ғалым-әдіскерлер еңбектері кездеседі, атап айтсақ: Ушаков Н.Н.,

Шкутина Л.А., Сарсекеева Ж.Е., Щуркова Н.А., Денисова Л.Г., Савина С.Н., Сматова К.Б. еңбертері зерттеу жұмысымызда қолданыс тапты.

Соңғы жылдары шетел тілін үйренуге қажеттілік артып келеді. Мұндай құбылыс көптеген себептермен түсіндіріледі. Солардың бірі - әлемді тану, басқа елдің мәдениетін, әдеп-ғұрпын білуге деген қызығушылық. Олай болса, шетелдермен қатынастың өркендеуіне байланысты қоғамда тіл, мәдениет және әлеуметтенумен байланыстыра қарастыратын бағыт үздіксіз дамуда.

Оқушы жастардың әлемдегі озық білімді меңгерулері үшін, өзге ортамен еркін тілдік қарым-қатынас жасау үшін шетел тілін меңгерудің маңызы зор, заман талабы болумен қатар, болашақта бәсекеге қабілетті маман болудың бірден-бір жолы. Сондықтан да қазір барлық білім беру оқу орындарында шетел тілін, оның ішінде әлемде ең кең тараған ағылшын тілін оқыту қолға алынған.

Зерттеулер жұмысының барысында, оқушы жастардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі екендігіне көзіміз жетті. Тәрбие және білім беру салаларында негізгі орындағы әлеуметтену мәселесіне Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ерекше мән беріліп, үлкен жұмыстар жүргізілуде. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауында орта білім беру жүйесінің 12 жылдыққа көшуіне баса назар аударуы осының дәлелі болса керек. Қоғамда болып жатқан өзгерістердің мазмұны, жылдамдығы өте жоғары қарқынмен дамуда [1, 66].

XXI ғасырда білім беру орындарының негізгі міндеттерінің барлығы білім алушының тұлғалық дамуын, оның ішкі әлеуетін негізге ала және әлемнің ең озық мәдени-тарихи, технологиялық жетістіктерін байланыстыра отырып қоғам талабына сай тәрбиелеп, заман ағысына бейімдеуге, дайындауға бағытталған. Қазіргі заманда қоғамдық қатынас тұлғаға жаңа талаптар қояды. Заман талабына сай адамның ең басты қасиеттері белсенділік, ұтқырлық, өздігінен білім алуға құштарлық болуы тиіс. Білім беру жүйесі тұлғаның табиғи қасиеттерін ашуға бағытталуымен қатар, оның қалыптасуына ықпал етеді. Осыған орай еліміздің білім беру саласында үлкен өзгерістер болып жатыр [2, 836].

XX ғасыр басында қазақ топырағында ұлтты тану мен сапалы білім берудің үлгісін жасаған отандық ғалымдардың әдістемеге қатысты ой-пікірлері, еңбектері зерделеніп, олардың оқыту үдерісіне қатысты білім беру жолдары технология түрінде дәйектелді. Себебі оқыту технологияларының нышандары орыс ғалымдары Шабанова Л.Н., Шепелева В.И., Козлова Н.Б., қазақ ғалымдары А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Кенесарина З.У. т.б. еңбектерінен бастау алады [3, 4, 5,6]. Зерттеуде олардың әдістемелік тұжырымдары қазіргі таңда қолданылып жүрген оқыту технологияларымен салыстырылды. Нәтижесінде әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген технологиялардың қазақ әдістеме ғылымында да өз іргетасы болғаны анықталды. Олардың қай-қайсысының да құрылымдық жүйесі технологияға қойылатын талаптарға толық жауап береді. Бұл технологияларда мәдениет пен тілге, ғылым мен білімге ерекше назар аударылған.

Елімізде шет тілін оқыту, оның ішінде ағылшын тілін оқыту өзге мемлекеттермен ғылыми, техникалық және экономикалық байланыстарына байланысты кеңінен қолға алынып отырған кезеңде ағылшын тілі мамандары өте қажет болуда. Ағылшын тілінен әдіснамасы жоғары мазмұнды және технологиялық жағынан тиімді білім берудегі түбегейлі өзгерістермен әдістерді қажет етіп отыр. Негізгі мектептерде білім беру жүйесін реформалау бағытында гуманистік принцип бойынша жанартылған теориялық-әдіснамалық жеке тұлғаға бағытталған тәсіл арқылы іске асу көзделуде. Осы бағытта ағылшын тілін оқытуда үйдегі жұмыстар мен СТЖ-ды барынша тиімді әдіс-тәсілдермен меңгертуге күш салу жұмысымыздың негізгі мақсаты болған еді.

Жалпы білім беруде шетел тіліне оқытудың мақсатының бірі оқушылардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру.

Осы бағытта, шетел тіліне оқытудың мақсаттары жүзеге асады:

-жаңа тілдік құралдарын және оларды шеттілдік қатынаста қолдана білу әдісін меңгеру (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық);

-тілдік әрекеттің төрт түрі арқылы тілдік қатынас құзыреттілігін дамыту – тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу;

-білім алушыларды тілі оқылатын елдің мәдениетімен, әдет ғұрпымен, салтымен таныстыру;

-шеттілдік мәдениаралық қатынас негізінде өз елінің мәдениетін;

-жалпы және арнайы әдіс тәсілдер, оның ішінде ақпараттық технология арқылы, шетел тілі мен мәдениетін өздігінен үйрену дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

-білім алушылардың заманауи қоғамда шетел тілінің орны мен ролін түсіну; өзін өзі бақылау, саралау және тілдік қатынасын дамыту;

-ұлттық сезімінің дамуы; түрлі ұлт өкілдерін және шетел мәдениетін өзара түсінушілік.

Тілдерді оқыту тұлғаның дамуында басты роль атқарады, себебі тіл әлемдік мәдениет кеңістігіне ену және өзінің ұлттық-мәдени құндылықтарын түсіну, әлеуметтік қарым - қатынас және тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтену құралы болып табылады. Шетел тілін меңгеру қажеттілігі басқа ұлттың тілі мен мәдениетін түрлі өмірлік мақсаттар үшін қолдана білуде басты рольді атқарады. Бірнеше тілді меңгеру қоғамда ғылыми-техникалық прогрестің алдыңғы шебіне шығуға, әлемдік білім беру және экономикалық кеңістікке тез көтерілудің бірден-бір жолы.

Жалпы қоғам мен экономиканың дамуының маңызды факторларының негізі - тұлғаға толыққанды білім беру. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік өмірінің өзгеруіне оқытудың міндеттері мен мақсаттарының түбегейлі өзгеруін талап етеді. Білім берудің тиімді критерийлерінің бірі- оның әлеуметтік өмірдің барлық салаларына белсенді араласушы, сенімді, дербес және жауапкершілігі жоғары тұлғаны дайындау.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы // Егемен Қазақстан, 26 желтоқсан 2003ж. - 83б.
3. Ильясов, И.И. Личностно ориентированное образование в школе: миф или реальность? / И. И. Ильясов // Вопросы психологии. 2001. -№6. -С. 133-
4. Шабанова Л.Н. - Внеклассная работа по английскому языку с «трудными» детьми. - ИЯШ, 1997, №3, с. 52-55.
5. Шепелева В.И. Принципы организации внеклассной работы. - М.: Высшая школа, 1991 – 117с.
6. Козлова, Н.Б. Развитие профессиональной компетентности будущего учителя иностранного языка в процессе иноязычной подготовки в вузе : дис. . канд. пед. наук : 13.00.01 / Н. Б. Козлова. Магнитогорск, 2003. - 149 с.

#### **Резюме**

В статье рассматривается о значимости технологии формирования этнокультурных ценностей у учащихся в процессе обучения иностранным языкам.

#### **Summary**

In article is considered about the importance of technology of formation of ethnocultural values at pupils in the course of training in foreign languages.

## СОВРЕМЕННЫЕ МОДЕЛИ ТРЕБОВАНИЙ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ РОСТУ УЧИТЕЛЯ

Рахимбердиев А.,  
магистрант

*В статье рассматривается о современных моделях требованиях к профессиональному росту учителя.*

**Ключевые слова:** модель, требования, профессиограмма, рост, учитель.

Государственные ориентиры в развитии системы повышения квалификации педагогических кадров поставлены в Посланиях Президента Республики Казахстан народу Казахстана [1] и в Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2011–2020 годы [2].

Как указано в Государственной программе развития образования в Республике Казахстан, для реализации положения Закона Республики Казахстан «Об образовании», обязывающего прохождение курсов повышения квалификации каждым учителем не реже одного раза в пять лет, ежегодно повышение квалификации должны проходить 54000 учителей. В настоящее время, по официальному признанию, такой охват еще не достигнут и «недостаточно эффективно используются механизмы материального и морального стимулирования приобретения новых знаний руководителями и сотрудниками организаций образования, слабо внедряются активные тренинговые технологии обучения, ориентированные на практическую деятельность» [3, с. 16]. В связи с этим ставится задача осуществления переподготовки и повышения квалификации учителей и руководителей организаций образования с учетом нового содержания образования, изменения технологий обучения и методик преподавания [3, с. 30], совершенствования системы методической поддержки преподавателей образовательных учреждений всех уровней.

Развитие учителя в соответствии с данными требованиями это задача всей системы повышения квалификации страны, превращающая непрерывную поддержку профессионального роста учителя в ее миссию. Сегодня институты повышения квалификации работают над подготовкой учителя-менеджера, организатора, консультанта, тьютора, который может научить ребенка самостоятельно добывать знания, вести исследовательскую работу. Выстраивая свою деятельность на основе принципов непрерывности и преемственности, современный учитель должен подготовить учащихся и к обучению в ВУЗе, где доминирующей сегодня становится кредитная форма обучения, подразумевающая умения обучающихся самостоятельно пользоваться библиотекой, Интернетом и учебно-методическими комплексами. Работники организаций системы повышения квалификации должны понимать требования к деятельности учителя как систему, имеющую историю развития и сложную структуру. Эти требования определяются функцией, выполняемой учителем в целостном педагогическом процессе.

В начале XX века требования к учителям были выражены в профессиограмме и включали, по данным И.П.Подласого, такие показатели, как: физическое здоровье, уравновешанность характера, наличие развитой воли, предприимчивость, инициатива, организаторские способности и навыки, достаточное общее образование и хорошее знание своего предмета, стремление пополнять умственный багаж новыми сведениями и быть в курсе дела, знакомство с основными течениями современной рефлексологии, педагогики, методики, знакомство с методикой своего предмета, знание своего ученического коллектива (группы, аудитории), социально-экономическая и политическая подготовка, интерес к общественной жизни и активное участие в ней, ясное и отчетливое осознание целей и задач проводимой работы, знакомство с родственными формами политико-просветительской работы, внимательное и любовное отношение к

учащимся, образцовое поведение учителя в смысле дисциплинированности, аккуратности, опрятности, коллективизма, чувства долга, любви к делу, добросовестности, отсутствия лицемерия и т.д. [4].

Требования к учителю, педагогу весьма выросли к концу XX века. Они, по данным психологов, стали касаться таких субъектных сфер, как:

- психофизиологические (индивидуальные) свойства (задатки), выступающие как предпосылки осуществления учителем своей профессиональной роли;
- способности;
- направленность и другие личностные свойства;
- профессионально-педагогические и предметные знания, умения, компетенции [5, 6].

По данным В.И.Зверевой к профессионально важным характеристикам личности педагога относятся следующие группы особенностей:

- характеристики, выражающие профессионально-педагогическую направленность (новаторство, творчество, работоспособность, бескорыстие и т.д.);
- интеллектуальные характеристики (педагогическое внимание, способность наблюдать, ясность мысли, развитая речь, логичность мысли, глубина и широта мышления, критичность ума, способность педагогического прогнозирования и др.);
- эмоциональные характеристики (оптимизм, бодрость, веселость, доброжелательность, скромность и др.);
- характеристики, выражающие отношение к воспитанникам (любовь к детям, гуманность, общительность, требовательность, готовность помочь, тактичность, сочувствие и др.);
- характеристики, выражающие отношение к свойствам учительской работы (критическое отношение к своим знаниям, опыту, умениям и профессиональному мастерству, требовательность к качеству своей работы и стремление повысить ее уровень, ответственность, профессиональное самовоспитание и саморазвитие и др.) [7, с. 223-224].

В.П.Симоновым была представлена трехуровневая и четырех- компонентная модель профессионально значимых качеств педагога [8, с.86-89]. Им выделены такие компоненты, как:

- психофизиологические черты личности, как индивидуальности;
- педагог в структуре межличностных отношений;
- профессиональные черты личности преподавателя;
- эффективность профессиональной деятельности.

Каждый компонент охарактеризован на трех уровнях: оптимальном, допустимом и критическом.

М.Н.Ермоленко [9] выделяет доминантные, периферийные, негативные и профессионально недопустимые качества. К доминантным качествам по мнению автора относятся: социальная активность, готовность и способность деятельно содействовать решению общественных проблем в сфере профессионально-педагогической деятельности; целеустремленность - умение направлять и использовать все качества своей личности на достижение поставленных педагогических задач; уравновешенность - способность контролировать свои поступки в любых педагогических ситуациях; желание работать со школьниками - получение духовного удовлетворения от общения с детьми в ходе учебно-воспитательного процесса; способность не теряться в экстремальных ситуациях - умение оперативно принимать оптимальные педагогические решения и действовать в соответствии с ними; обаяние - сплав духовности, привлекательности и вкуса; честность - искренность в общении; добросовестность в деятельности; справедливость - способность действовать беспристрастно; современность - осознание учителем собственной принадлежности к одной эпохе с учениками (стремление найти общее в интересах); гуманность - стремление и умение оказать квалифицированную педагогическую помощь ученикам в их личностном развитии; эрудицию - широкий кругозор в сочетании с глубокими познаниями в области предмета

преподавания; педагогический такт - соблюдение общечеловеческих норм общения и взаимодействия с детьми с учетом их возрастных и индивидуально-психологических особенностей; толерантность - терпеливость в работе с детьми; педагогический оптимизм - вера в ученика и его способности.

Л.Г. Пискун анализирует требования к учителю в рамках педагогической культуры как части общечеловеческой культуры.

Описанные выше профессиографические модели представляют собой тезаурус жестких и многообразных требований к учителю, являющихся своеобразной решеткой отбора.

Итак, благодаря высокому уровню развития педагогической науки, опирающейся на многие позитивные философские учения, включая синергетику, становятся актуальными и возможными исследования педагогических и образовательных процессов в рамках понятий саморазвитие, самореализация, самоопределение, самоменеджмент и самомониторинг, что особенно значимо в системе субъект-субъектной педагогической парадигмы, ставшей ведущей в образовании Республики Казахстан.

### **Литература:**

1 Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире: Стратегия "Казахстан-2030" на новом этапе развития Казахстана: послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 3 февраля 2007 года. - Астана, 2007.

2 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. - Астана, 2010.

3 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. - Астана, 2005.

